

Қостанай облыстық сотының төрағасы  
А.А.Мерғалиевқа

**Құрметті Асламбек Амангелдіұлы!**

Менің өтінішімнің шешілуі сіздің құзырыңызда болғандықтан, Қостанай облыстық сот мекемесі арқылы Әуликөл аудандық сотының судьясы **Ахметова Асель Батырбекқызына** біздің алғысымызды жеткізсеңіз. Асель Батырбекқызы өзінің судьялық міндетін аброймен атқарып, сот отырысын сапалы жүргізетін, екі тілді жетік меңгерген, өз кәсібінің маманы ретінде көрсетті. Ол кісінің еңбегіне ризалығымды білдіріп шексіз алғысымды айтқым келеді. Біздің басымызға түскен істі созбалаңға салмай, жан-жақты қарап, түбегейлі зерттеп, бас панасыз қалдырмай шиеленген мәселенің басын ашып беріп, екі жақтың пікірін әділ таразысына сала отырып, өзара қарым-қатынасты бұзбайтың, ортақ ымыраға келтіре, дұрыс шешім қабылдағаныңыз үшін көптен-көп рахмет. Осы тұрғыда айтқым келгені, судья болу – екінің бірінің қолынан келе бермейтін, кәсіби біліктілікті талап ететін, адамгершілік қасиеттерді жоғары бағалайтын, адамның, отбасының, оған қоса мемлекеттің тағдырына ықпал жасайтын жауапты да мәртебелі лауазым. Судья үшін әрбір қаралған істің нүктесін қою ешқашанда да онайлыққа түспейді, сондықтан әділ шешімін жариялау әр судьяның басты міндеті деп білемін. Пікірімді аяқтай отырып, Сізге қызметіңізге абырой, зор денсаулық тілей отырып, биектен көріне берулеріңізге шын жүректен тілектеспін. Мәртебеңіз өсе берсін.

11.11.2019ж.

Игі тілекпен Темофеевка ауылының тұрғыны Жапенев Ерғазы.